

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ 374.02

Қолжазба құқығында

ДЖАНДИЛЬДИНОВ МЕДЕТ КУРМАНГАЗИЕВИЧ

**Студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытудың
педагогикалық шарттары
(Педагогика және психология мамандығы мысалында)**

6D010300- Педагогика және психология

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған
диссертация

Ғылыми жетекші:
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Э.А. Урунбасарова

Ғылыми кеңесші:
Юта штаты университетінің
PhD докторы, профессор
Дж.С.Кларк.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2015

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
АНЫҚТАМАЛАР.....	5
КІРІСПЕ.....	7

I СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ-ТҰЛҒАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....19

1.1 Студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытудың мәні мен мазмұны.....	19
1.2 Технологиялық тәсілдеме - студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытудың әдіснамалық негізі ретінде.....	44
1.3 Студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытуды бағалаудың өлшемдік аппараты.....	62

II СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ-ТҰЛҒАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМЫТУДЫ ЭКСПЕРИМЕНТТІК ТҰРҒЫДА ЗЕРТТЕУ.....74

2.1 Студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытудың педагогикалық шарттары.....	74
2.2 Студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытуға арналған оқыту технологиясын модельдеу.....	78
2.3 Студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамыту бойынша эксперименттік жұмыстың нәтижелері.....	96

ҚОРЫТЫНДЫ.....	110
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	114
ҚОСЫМШАЛАР.....	126

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының 2007 жылы 27 шілдеде № 319-III ҚРЗ бұйрығымен бекітілген «Білім туралы» заңы, Астана, Ақорда және 2011 жылғы 24 қазанында бұйрыққа толықтырулар мен өзгертулер енгізілген № 487-IV ҚРЗ, Астана, Ақорда.

Ұлт жоспары – «100 нақты қадам.

Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам. «Егемен Қазақстан» 10 шілде, 2012 ж.

ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 07.12.2010 ж., ҚР Президентінің № 1118 Жарлығы, Астана

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген «Кредиттік технологияны оқытудың оқу үрдісін ұйымдастыру ережелері».

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары. ҚР Президентінің 2012.27.08. № 371 жарлығымен бекітілген.

Білім беру саласындағы уәкілетті органмен бекітілген жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырушы ұйымдар қызметінің типтік ережелері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 20 шілдедегі № 347 бұйрығы.

Білім беру саласындағы уәкілетті органмен бекітілген Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдаудың типтік ережелері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 20 шілдедегі № 347 бұйрығы.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР - Қазақстан Республикасы

ЖОО - Жоғары оқу орны

ҚР МЖМББС – Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

ОТҚ - Оқытудың техникалық құралдары

ҚазҰУ - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ҚазМҚПУ- Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Құзырет- оқытудың дүниетанымдық, құндылық нәтижесін де қамтитын, білім алушының білім, білік, дағдыларын қандай да бір интегративтік бірлікке біріктіру

Құзыретті - лат. competens, competes – тиісті, қабілетті – белгілі бір салада білікті, хабардар, өз білімдері немесе өкілеттері бойынша бір нәрсені жасауға немесе шешім қабылдауға құқығы бар

Құзыреттілік- адамның бойындағы құзыреттер мен өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, әрекет етуге, білім берушілік, кәсіби және өмірлік мәселелерді шешудегі оның күрделі интегративтік қабілеті

Арнайы құзыреттілік – жеке басының кәсіби іс-әрекетін барынша жоғары деңгейде білу, өзінің әрі қарай кәсіби дамуын модельдей, алу қабілеті

Әлеуметтік құзыреттілік – бірлескен (топтық, кооперативтік) кәсіби іс-әрекетті меңгеру, ынтымақтстық, сонымен қатар аталған мамандықта қабылданған кәсіби қарым-қатынастың тәсілдерін білу, өзінің кәсіби еңбегінің нәтижелеріне әлеуметтік жауапкершілікті сезіну

Аутоқұзыреттілік – өзінің әлеуметтік-кәсіби сипаттамалары жөнінде барабар көзқараста болу және кәсіби құрылымның бұзылуын жеңу технологияларын игеру

Экстремалдық кәсіби құзыреттілік – кенеттен қиындай түскен жағдайларда, апаттарда, технологиялық үдерістердің бұзылуында әрекет ету қабілеті

Шеберлік – ол еңбекті табысты атқаруына қажетті адамның тұлғалық сипаттамаларының жиынтығы (А.К. Маркова)

Педагогикалық іс-әрекеттің шеберлігі - бақылау мақсатында ғылыми зерттеу элементтерін енгізуден, оның өнімділігін өзіндік бақылау шаралары (Н.В. Кузьмина)

Модель - ой және қандай да бір тәжірибелік немесе маңызды теориялық мәселені шешу барысында алынатын оның нәтижеге деген прагматикалық бағыттылығы

Модельдеу әдісі -мәселені толығымен жетілдіру арқылы дидактикалық мақсатқа жету тәсілі

Педагогикалық модельдеу - педагогтың оқыту технологиясының моделін жасау бойынша мақсатқа бағытталған іс-әрекеті – педагогикалық жүйенің дидактикалық сипаттамасы

Оқыту технологиясы – оқытудың дәстүрлі модельдерінде болғаннан гөрі, дидактикалық үрдістің ғылыми негізделген моделін жүзеге асыратын және тиімділіктің, сенімділіктің, сонымен қатар кепілді нәтиженің барынша жоғары дәрежесіне ие, заңға сәйкес келетін педагогикалық іс-әрекет (П.И. Образцов)

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі.

Қазіргі білім беру жүйесі, педагогикалық ғылым мен тәжірибесіндегі маңызды өзгерістермен қатар жүретін, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағытталған. «ҚР білім туралы» [1], «Қазақстан Республикасында бала құқығы туралы» [2] жаңадан қабылданған заңдарында және тағы басқа бірқатар құжаттарда: «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» [3], «Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы» [4], «ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» [5] және т.б. білім беруді демократияландыру және ізгілендіруді қамтамасыз ететін нормалар көрсетілген. Осы құжаттармен білім берудің басты міндеті белгіленген –ол ұлттық және әлемдік мәдениеттің, жалпыадамзаттық құндылықтардың негізінде тұтас тұлғаны қалыптастырып дамыту үшін мемлекетпен қажетті жағдайлардың жасалуы.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде соңғы онжылдық ішінде жүргізілген реформалар әлемдік білім беру кеңістігімен ықпалдасу және халықаралық білім беру стандарттарына жақындау мақсатымен жүзеге асырылған. Білім беру жүйесін реформалау үдерісінде жағымдыжәне жағымсыз сипаттағы беталыстар да байқалады. Сонымен қатар, білім беруді реформалау терең тұжырымдамалық-философиялық, әлеуметтік-экономикалық және психологиялық-педагогикалық талдаусыз жүргізілген, бұл өз кезегінде аталған үдерістің ғылыми негізін қалыптастыруға мүмкіндік бермеді. Жоғары оқу орын реформасы кезінде дәстүрлі педагогикалық білім беру жүйесі бұзыла бастады, ал қоғамның әлеуметтік сұранысын қанағаттандыруға бағытталған жаңа жүйе әлі құрылмаған. Оқу жоспарын қайта қарастырудың нәтижесінде мектеп талаптарынабейімделген және оқытушылардың кәсіби дайындығының негізін құрайтын психологиялық-педагогикалық циклдың көптеген пәндері ең аз мөлшерге дейін түсіп, классикалық университеттік білім берудің пәндерімен ауыстырылды. Мұның барлығы педагогтардың жалпы дайындығының сапасын айтарлықтай тегістеді.

Педагогикалық білім берудің мемлекеттік стандарттары оның түрлі деңгейлері мен сатыларының бірізділік ұстанымын толығымен жүзеге асырмайды; педагогикалық білім беру жүйесін дамытудың нақты қажеттіліктері стандарттарда белгіленген нормативтерден алыстай береді. Бұл жерде бағдарламаларды стандарттарға сәйкестендірудің нақты тетіктері жоқ, ол білім берудің нәтижелерін бақылауды және мамандар даярлығының сапасын бағалауды едәуір қиындатады [5].

2010-жылдың 7-желтоқсанынан Қазақстан Республикасы Президентінің № 1118 жарлығымен бекітілген ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты ретінде білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, экономиканы тұрақты дамыту үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами

капиталды дамыту болып табылады. Бағдарламаның негізгі бағыттарының бірі – педагогтың мәртебесі мен мамандықтың беделін арттыру [5].

Білім беру мазмұнының түрлі нұсқаларын жетілдіру қажеттілігімен, білім беру құрылымдарының тиімділігін жетілдіруде қазіргі дидактиканың мүмкіндіктерін пайдаланумен, жаңа идеялар мен технологияларды ғылыми негіздемесімен шартталған педагогикалық іс-әрекеттің күрделі және динамикалық сипаты ЖОО-да педагогикалық мамандарды кәсіби даярлаудың жүйесін жетілдірудегі нақты қажеттіліктерді анықтайды.

Білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз етудің және білім беру жүйесін жаңарту тетіктерінің арасында мұғалімдердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктер факторының ерекше орын алатындығы.

Мұғалім – ЖОО түлегі оқушылардың теориялық және тәжірибелік дайындығының жоғары деңгейін қамтамасыз ететін оқытудың заманауи технологияларын пайдалануға дайын болуы тиіс; білім беру бағдарламаларын жетілдіруге қатысу, оқу үдерісінің кестесі мен оқу жоспарына сәйкес оларды толық көлемде жүзеге асыру үшін жауапты болу, нақты оқу пәнінің оқу-әдістемелік қамтамасыз ету базасын құру; білім алушылардың икемі мен дағдыларын дамыту, оларды алған білімдерін тәжірибелік іс-әрекетте пайдалануға даярлау, білім, білік, дағдылардың бақылауын, сонымен қатар оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруды жүзеге асыра алуы тиіс.

Білім беру үдерісінің жетілдіру факторы болып оқытушылардың кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерінің жоғары деңгейі саналады, оның дайындығын ЖОО жүзеге асырады.

Қазіргі кезеңде жоғары білім берудің стратегиясын тек кәсіби міндеттерді шешуге қабілетті және дайын болатын маманды ғана емес, сонымен қатар нормативтік іс-әрекеттен тыс міндеттерді де шешіп, инновациялық үдерістерді, кең мағынадағы шығармашылық үдерістерді де жүзеге асыра алатын маманның кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерінің қалыптасуы мен дамуы құрайды.

Осы айтылғаннан белгілі болғаны, ЖОО-да мамандарды оқытудың дәстүрлі жүйесі, тәжірибе көрсеткендей, білікті мамандарды дайындаудың жоғары сапасын қамтамасыз етпейді. Кемшіліктерді жою тек оқытудың (дәстүрлі және жаңа) барлық жүйесін, формаларын, әдістерін және құралдарын, студенттермен меңгерілетін кәсіби іс-әрекеттің заттық және әлеуметтік мазмұнын бірізді үлгілеу арқылы, яғни оқу іс-әрекетінен оның кәсіби түріне, дәстүрліден кәсіби-бағдарланған оқыту технологияларына көшу жағдайында мүмкін болады.

Қазіргі оқыту технологиялар білікті және шығармашылық жұмыс жасайтын оқытушы-педагогтың дамуын, оны тек ғылыми білімдерді жеткізуші ретінде ғана үйретіп қоймай, бар жағдайларды бағалайтын, ақпаратты талдап және оны іріктеп, педагогикалық әдістердің жүйесіне енгізілуін, сонымен қатар оқушылармен қарым-қатынас тәсілдерін меңгертіп, өздігінен шешім қабылдауға үйретуді қарастырады.

Жоғары оқу орнында мамандарды дайындау кезінде оқытудың кәсіби-бағдарланған технологияларын пайдалану студенттерге өз қабілеттері мен кәсіби қызығушылықтарын жүзеге асыруға, өзінің кәсіби дайындығының жеке траекториясын құруға, өз еңбегінің нәтижелері үшін жеке жауапкершілікті сезіну позициясын ұстануға мүмкіндік береді.

Білім және ғылым Министрлігінің жетекші құжаттарына сәйкес қазіргі кәсіби білім берудің мақсаттары нақты бір іс-әрекет саласы үшін тар көлемді мамандарды дайындауға емес, керісінше әрбір адамның тұлғасын дамытуға, оның кәсіби құзыретін жетілдіруге бағытталады. Қазіргі кезде педагогикалық іс-әрекеттің әр түрлі салаларында мамандарды дайындау үдерісінің алуан түрлі аспектілерін ашуға арналған көптеген маңызды зерттеулер жүргізілген. Кәсіби іс-әрекет пен жоғары мектеп оқытушы тұлғасының қалыптасуын зерттейтін педагогтар мен психологтардың еңбектері аса танымал (А.А. Деркач [6], И.Ф.Исаев [7], П.И.Образцов [8], Л.Ф.Спирин [9] және т.б.). Аталған авторлардың еңбектерінде ЖОО оқытушысы тұлғасының және оның кәсіби іс-әрекетінің ұйымдастырушылық, психологиялық-педагогикалық, физиологиялық сипаттамалары беріледі; оның кәсіби мәдениетінің, шеберлігі мен беделінің қалыптасу жолдары ашылып көрсетіледі.

Жалпы психикалық даму мен тұлғаның дамуы қазақстандық (Б.А. Тургунбаева [10], Э.И. Шнибекова [11], Э.А. Урунбасарова [12], А.Р. Ерментаева [13], Г.К. Нургалиева [14]), ресейлік (Б.Г. Ананьев [15], Л.И. Анциферова [16], А.Г. Асмолов [17], В.М. Бехтерев [18], А.А. Бодалев [19], Л.И. Божович [20], Л.С. Выготский [21], П.Я. Гальперин [22], Е.А. Климов [23], А.Н. Леонтьев [24], А.В. Петровский [25], К.К. Платонов [26], С.Л. Рубинштейн [27], Д.И. Фельдштейн [28], Д.Б. Эльконина [29] және т.б.), сонымен қатар шетелдік (А.Адлер [30], К.Бюлер [31], А.Валлон [32], Х.Вернер [33], А.Гезелл [34], А.Маслоу [35], Ж.Пиаже [36], К.Рождерс [37], З.Фрейд [38], Ст.Холл [39], В.Штерн [40], Э.Эриксон [41], К.Юнг [42] және т.б.) психологияның дабасты назарында болғанымен қазіргі кезде кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерді дамыту мәселесі әлі толық зерттелмеген.

Педагогтың кәсіби құзыреттіліктері феноменін зерттеуге Ш.Т.Таубаева [43], У.Б. Жексенбаева [44], Н.Д. Иванова [45], А.К. Сатова [46], А.С. Амирова [47], Ю.В. Варданян [48], А.А. Деркач [49], Э.Ф. Зеера [50], И.Ф. Исаева [51], Н.В. Кузьмина [52], А.К. Маркова [53], В.А. Слостенин [54] және т.б. еңбектері арналған.

Сонымен қатар, айта кететін жайт, маманның кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамыту мәселелері, көбінесе, жоғары мектеп оқытушысынан гөрі, мектеп мұғалімін дайындау және оның біліктілігін жетілдіру төңірегінде қарастырылады. Атап айтсақ, мұғалім дайындығының дидактикалық (С.И. Архангельский [55]), психологиялық-педагогикалық (А.И.Пискунов [56]), жалпы педагогикалық (О.А. Абдуллина [57]), инновациялық (В.А. Слостенин [54]), шығармашылық (В.И. Загвязинский [58], В.А. Кан-Калик [59], В.В. Краевский [60], Н.Д. Никандоров [60]) рөлі мен қызметтері қарастырылған еңбектер педагогиканың ғылыми қорында

жинақталған. Педагогтың арнайы қабілеттері айқындалып, оның қалыптасу және даму жағдайлары (А.А. Деркач [49], Н.В. Кузьмина [52]), мұғалім тұлғасының қасиеттері (К.А. Абульханова-Славская [62], Н.В. Кузьмина [52]) анықталған.

Осы айтылғанға қоса, студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамыту мақсаттарының, міндеттері, мазмұны мен технологияларының тиісті теориялық дәлелдемесі жоқ. Көрсетілген міндеттерді шешудің қазіргі уақыттағы кең таралған тәсілдері «2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын», «ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын», ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын» [5], [63] жүзеге асыру төңірегінде жүргізіледі, дегенмен бұл үрдіс субъективті болғанымен, оның тәжірибелік жүзеге асырылуы айтарлықтай тежеледі.

Қазіргі кездегі психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау, Қазақстанда болашақ мамандардың жоғары кәсіби білімінің теориясы мен практикасын дамыту мәселелерін зерттеуге арналған бірталай еңбектердің бар екендігін көрсетті (С.А. Абдыманапов [64], Б.А. Абдыкаримов [65], А.П. Сейтешев [66], Г.А. Уманов [67]).

Қазақстанда болашақ мамандардың кәсіби білімін дамытудың барынша жетілдірілген бағыттарына болашақ мұғалімдердің іс-әрекет объектісі ретінде (Н.Д. Хмель [68], Н.Н. Хан [69], А.А. Калюжный [70], С.Т. Каргин [71]) тұтас педагогикалық үдерістің теориясы мен технологиялары негізіндегі, болашақ мұғалімдердің кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастырудың (К.С. Успанов [72]) және болашақ мұғалімдер мәдениетінің (К.К. Жампеисова [73], З.А. Исаева [74], А.А. Молдажанова [75], Ш.Т. Таубаева [43], Т.К. Мусалимов [76], А.А. Жайтапова [77]) көптеген аспектілерін қалыптастыру негізіндегі кәсіби дайындықты жатқызуға болады. Ғалымдармен кәсіби білім беруді ізгілендіру және іргелі ету аясында болашақ мамандарды дайындау мәселелері қарастырылады (А.А. Бейсенбаева [78], М.С. Молдабекова [79]).

Осы орайда студенттердің ЖОО-дағы дайындық кезеңінде-ақ, олардың кәсіби-тұлғалық құзыреттерінің тиісті деңгейін қамтамасыз ететін жаңа тәсілдерді ғылыми түрде іздестіру мәселесі барынша өзекті болып табылады. Аталған мәселелерді шешуде белгілі бір кәсіби іс-әрекет саласында білім алушылардың танымын арттыратын, сонымен қатар мамандық құралдарымен педагогикалық міндеттерді шешу мақсатында ғылыми және тәжірибелік мазмұнды жүзеге асыратын икемдер мен дағдыларды дамытатын, болашақ педагогтарды оқыту технологияларын жетілдірудің рөлі аса маңызды.

ЖОО білім беру тәжірибесінде оқытудың заманауи технологияларын қолдану мәселелерін зерттеуге ресейлік педагогтар зор үлес қосты: В.П. Беспалько [80], А.А. Вербицкий [81], М.В. Кларин [82], Н.В. Кузьмина [83], П.И. Образцов [84], Г.К. Селевко [85], В.А. Сластенин [86], С.А. Смирнов [87] және т.б.

Сонымен қатар, айта кететін жайт, аталмыш мәселеге деген зерттеушілердің үлкен қызығушылықтарына қарамастан, ЖОО-да оқыту

технологиясының құралдарымен студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытудың жеке аспектілері аз зерттелген және аса көкейкесті болып қала береді.

Сондықтан, қазіргі кезде келесі **қарама-қайшылықтарды** шешу қажеттілігі туындап отыр:

- ЖОО-да студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамыту қажеттілігінің және дәстүрлі дидактикалық құралдар мен оқыту моделдерін қолдану арқылы, оны қанағаттандырудың шектелген мүмкіндіктерінің арасындағы;

- ЖОО-да студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамыту мүмкіндіктерінің болуы мен оларды жүзеге асыруда педагогикалық шарттардың жеткіліксіз іске асуының арасында;

- Студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамыту үдерісін ғылыми-әдістемелік тұрғыда сүйемелдеу қажеттілігі мен оларды дамытуға арналған оқу-әдістемелік кешеннің жеткіліксіз жетілдірілуінің арасында.

Аталған қарама-қайшылықтар ЖОО-да кәсіби-бағдарланған оқыту технологиялары негізінде студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытудың мүмкіндіктерін қарастыру мәселесін туындатып, зерттеу тақырыбын **«Студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытудың педагогикалық шарттары» (Педагогика және психология мамандығы мысалында)** деп таңдауға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытудың теориялық тұрғыдан негіздеу, модельдеу, педагогикалық шарттарын айқындау, тәжірибеден өткізу.

Зерттеу нысаны: жоғары оқу орнында мамандарды кәсіби тұрғыда дайындау үдерісі.

Зерттеу пәні: кәсіби-бағдарланған оқыту технологиясының құралдарымен студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік беретін педагогикалық шарттар.

Зерттеудің мақсатына, нысанына және пәніне сәйкес келесі **зерттеу міндеттері** тұжырымдалған:

1. ЖОО-да студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытудың теориялық негіздерін айқындау және ғылыми негіздеу.

2. ЖОО-да студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытудың өлшемдерін, көрсеткіштерін және деңгейлерін анықтау.

3. ЖОО-да студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік беретін технологиялардың моделін жасап шығару және жүзеге асыру («Қазіргі кәсіби технологиялар» оқу пәнінің арнайы курс материалында).

4. Студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін оқыту технологиясы құралдарымен дамытуға мүмкіндік беретін педагогикалық шарттарды тәжірибелік-эксперименталдық жолмен айқындау және дәлелдеу.

Зерттеудің ғылыми болжамы. *Егер* оқу курсы менгеруде нақты мақсатты бағыттылықты, жүйелік мазмұнды, икемді ұйымдастырушылық-әдістемені, құрылымдық операциялық-әрекеттік бағыттылықты, құндылық-мотивациялық бағдарды қамтамасыз ететін оқыту технологиялары жасалып, жүзеге асатын болса, *онда* ЖОО-да студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамыту табысты болады, *өйткені* бұл жағдайда педагогикалық шарттарды толық қолдану мүмкіндігі пайда болады.

Зерттеу жұмысының жетекші идеясы – жоғары оқу орнында студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамыту болашақ педагогикалық мамандардың кәсіби іс-әрекетке дайындығын ғана емес, жалпы білім сапасын арттыруға септігін тигізеді.

Зерттеудің әдіснамалық негізін адам іс-әрекетінің табиғаты мен мәні туралы, оның мақсатқа сәйкестілігі және шығармашылық сипаты жөнінде, теория мен практиканың тұтастығы туралы, мән мен құбылыстың, түр мен мазмұнның сәйкестілігі туралы жетекші-әдіснамалық ұстанымдар, маңызды философиялық қағидалар құрайды. Зерттеудің әдіснамалық бағдары ретінде төмендегілер іріктеліп алынған: білім берудің ішкі бірлігін көрсететін тұтастылық ретінде мамандарды даярлау үдерісінің зерттеуін қамтамасыз ететін жүйелік талдау (жүйелік, құрылымдық, дербестік, құрылымдық сапа); жалпы оқыту үдерісіне және оның жеке компоненттеріне жүйелік-әрекеттік, тұлғалы-бағдарлық, біліктілікті, мәнмәтіндік және технологиялық тәсілдер.

Зерттеудің теориялық негізін келесі қағидалар мен идеялар құрайды:

- педагогикалық құбылыстардың жүйелік талдауы (С.И. Архангельский [55], В.В. Краевский [60], Н.В. Кузьмина [52], М.Н. Скаткин [88] және т.б.);

- маманды кәсіби дайындаудағы тұлғалық-бағдарлық тәсілдеме (К. А. Абульханова-Славская [62], В.В. Давыдов [89], И.А. Зимняя [90], А.М. Маркова [91], И.С. Якиманская [92] және т.б.);

- мамандарды кәсіби дайындаудың түпкі мақсаттарын анықтаудағы жүйелік-әрекеттік және мәнмәтіндік тәсілдемелер (А.А. Вербицкий [81], Л. С. Выготский [93], И.Я. Лернер [94] және т.б.);

- білім беру үдерісін ұйымдастырудағы технологиялық тәсілдер (В.П. Беспалько [80], М. В. Кларин [82], М. М. Левина [95], П. И. Образцов [96], Г. К. Селевко [85], М. В. А. Слостенин [86], С. А. Смирнов [87] және т.б.);

- білім берудегі мәнмәтіндік тәсілдемелер (В.А. Болотов [97], Т.В. Иванова [98], Б.Д. Эльконин [99] және т.б.);

- білім беру жүйелерін педагогикалық модельдеу (В.С. Безрукова [100], В.П. Беспалько [101], А.А. Орлов [102] және т.б.);

- ЖОО-да мамандарды даярлаудың сапасын бақылау жүйесін жетілдіру және қызметінің диагностикалық-болжамдық тәсілі (В.С. Аванесов [103], А.С. Маркова [104] және т.б.).

Зерттеудің мақсатына жету, міндеттерін шешу және болжамын тексеру үшін келесі **зерттеу әдістері** қолданылды:

- танымның жалпы теориялық әдістері (талдау, жинақтау, үйлестіру, салыстыру, сәйкестендіру, жалпылау, жіктеу, жүйеге келтіру, үлгілеу және т.б.);

- жалпы педагогикалық әдістер (құжаттар мен әдебиет көздерін талдау, жеке және ұжымдық әңгімелесулер, пікіртерім, сауалнама, іс-әрекет нәтижелерін зерттеу, тәжірибе мен тәуелсіз сипаттамаларды, констатациялық және қалыптастырушы эксперименттерді жалпылау және т.б.);

- болжамдық-анықтау әдістері (сараптамалық бағалаулар, жариялық тәсіл, конференция, ғылыми-әдістемелік семинарлар түріндегі талқылау);

- математикалық статистика әдістері және т.б.

Зерттеудің ұйымдастырылуы мен кезендері. Зерттеудің эксперименталдық базасы ретінде Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті болды.

Зерттеу үш жыл (2011-2014жж.) бойы жүргізілді және бірқатар өзара байланысты кезеңдерден тұрды.

Зерттеудің бірінші кезеңінде (қазан, 2011 – қыркүйек, 2012жж.) студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамыту бойынша арнайы әдебиеттердің және мәселе жағдайының теориялық зерттеуі жүргізілді; оқытудың кәсіби-бағдарлық технологиясын үлгілеу және құрылымдаудың теориялық аспектілері жетілдірілді. Бұл жұмыстың нәтижесінде зерттеудің бастапқы өлшемдері, оның нысаны, пәні, шекарасы, болжамы, әдіснамасы мен әдістемесі, ұғымдық-категориалдық аппараты анықталды. Жеке қағидалар мен қорытындылар жүргізілген барлық кейінгі жұмыстар бойы талданып, тиісті түзетулер енгізіліп отырды.

Зерттеудің екінші кезеңі (қазан, 2012 – желтоқсан, 2013 жж.). Бірінші кезең жұмысының нәтижелеріне сүйене отырып, студенттердің «кәсіби-тұлғалық құзыреттілігі» категориясы ұғымы ЖОО жағдайында даму үдерісіне қатысты анықталып нақтыланды, ЖОО студенттерін дайындауда үлгілеу әдісінің қолданылуы дәлелденді, кәсіби тұрғыда өзіндік даму кезеңіндегі студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамыту деңгейлері мен көрсеткіштері, өлшемдері таңдалып, анықталды. Бұл кезеңде 5B010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша оқитын студенттер үшін «Қазіргі кәсіби технологиялар» курсы бойынша оқытудың кәсіби-бағдарланған технологиясы жетілдіріліп, эксперименталдық жолмен тексерілді.

Педагогикалық эксперимент нәтижелерінің талдауы кәсіби-бағдарланған оқыту технологиясының құралдарымен студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін ЖОО-да дамыту мүмкіндігі туралы сауалға жағымды жауап берді. Сонымен қатар, педагогикалық эксперимент нәтижелері ЖОО-да студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық шарттарды айқындауға, дәлелдеуге және тексеруге негіз болды.

Зерттеудің үшінші кезеңінің (қаңтар, 2014 – наурыз, 2014 жж.) басты мақсаты ретінде студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамыту

бойынша ЖОО оқытушылық құрамына арналған әдістемелік және ғылыми-тәжірибелік ұсыныстар кешенінің жетілдіруі болды. Зерттеудің нақты материалына талдау, жалпылау және теориялық ұғыну жүргізіліп, ЖОО-ның оқу үдерісінде оқытудың кәсіби-бағдарланған технологиясын қолдану бойынша ұсыныстар құралды. Кезеңнің соңғы жұмысы ретінде диссертацияның әдеби көркемделуі болды.

Зерттеудің негізгі нәтижелері, олардың ғылыми жаңалығы келесіде:

- ЖОО-да студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытудың теориялық негіздерін айқындалып, ғылыми түрде дәлелденді.

- студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытудың өлшемдері, көрсеткіштері және деңгейлері анықталып дәлелденді;

- ЖОО-ның оқу үдерісінде студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік беретін оқытудың кәсіби-бағдарланған технологиясының моделі жасалып, эксперименталдық түрде жүзеге асырылды;

- ЖОО-да оқытудың кәсіби-бағдарланған технологиясының құралдарымен студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік беретін педагогикалық шарттар тәжірибелік-эксперименталдық жолмен айқындалып, дәлелденіп, тексерілді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы болашақ оқытушының «кәсіби-тұлғалық құзыреттілігі» ұғымының мәні мен мазмұнын ЖОО жағдайында даму үдерісін нақтылаудан тұрады; ЖОО-да студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктері дамуының теориялық негіздерін жетілдіруден; педагогикалық модельдеу, құрылымдау саласында жаңа білімдерді игеруден және ЖОО-да студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік беретін оқытудың кәсіби-бағдарланған технологиясын оқу үдерісінде қолданудан; оқыту технологиясы аясында модельдеу әдісін дидактикалық мақсатқа жету тәсілі ретінде қолдану мүмкіндігін дәлелдеуден тұрады. Диссертацияда ұсынылған нәтижелер үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ЖОО-да мамандарды кәсіби тұрғыда дайындау теориясын толықтырады.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы теориялық қағидалар мен қорытындылар студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамыту мәселесін ойдағыдай шешудің алғы шарттары болып табылатындықта және аталған мақсаттар үшін жоғары кәсіби білім беру жүйесіндегі басқа да оқу мекемелерінде қолданыла алатындығында. ЖОО-ның білім беру үдерісінде оқытудың кәсіби-бағдарланған технологиясын модельдеу, құрылымдау және жүзеге асыру бойынша оқытушыларға арналып жетілдірілген тәжірибелік ұсыныстар, Қазақстанның оқу мекемелерінде болашақ педагогтарды даярлаудың қазіргі модельдерін қолдану үшін пайдаланылуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелерінің **нақтылығы мен шынайылығы** бастапқы әдіснамалық ұстанымдар мен зерттелетін үрдістің зерттеу әдістерінің нақтылығымен шартталған; зерттеудің мақсаттарына, міндеттеріне және

кисынына барабар келетін мақұлданған әдістеменің қолданылуымен; эмпирикалық нәтижелердің көрнекілігімен; теориялық қорытындылар мен тәжірибелік ұсыныстар заңдылығының тәжірибелік-эксперименталдық жолмен расталғандығымен; алынған нәтижелердің ЖОО-дың педагогикалық тәжірибесінде жаңғыртылуымен және қолданылуымен дәлелденеді.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерінің мазмұны оның ЖОО жағдайындағы дамуына байланысты болашақ кәсіби іс-әрекеттің сипатымен, мақсат-міндеттерімен анықталады және теориялық, тәжірибелік, мотивациялық дайындықтың тұтастығын, сонымен қатар оқу мекемесі түлегінің тиісті іс-әрекетті орындай алу қабілетін білдіреді, материалдық, әлеуметтік және тұлғалық маңызды өнім болып саналатын – оқу пәнін оқыту технологиясының моделінің тәжірибеде жүзеге асуы мамандарды дайындау міндеттерінің мақсатты түрде шешілуін қамтамасыз етеді.

2. Болашақ оқытушы іс-әрекетінің мәнін білдіретін кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктердің өлшемдері болып, оның оқу пәнінің мазмұнын меңгеруге деген дайындығы мен қабілеті және оқыту технологиясы моделінде сол мазмұнның құрылымдық-композициялық жүзеге асуы; оқытушының білім беру іс-әрекетін, ал оқушылардың танымдық іс-әрекетін жоспарлауға және ұйымдастыруға; білім алушылардың мотивациясын басқаруға деген қабілеті саналады. **ЖОО-да студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктері дамуының көрсеткіштері болып төмендегілер саналады: педагогикалық іс-әрекетті меңгеруге мотивациялық-құндылық көзқарас; кәсіби тәжірибелік міндеттерді шешудің әдіс-тәсілдерін білу және оларды шығармашылықпен қолдана алу; шешім қабылдаудағы дербестілік; білімдерді, кәсіби және әлеуметтік тәжірибені түрлендіре алу қабілеті (баламаларды іздеу).**

Бұл көрсеткіштердің байланысы ЖОО студенттерінің – болашақ оқытушылардың кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытудың пассивті (төмен), еліктегіш (орташадан төмен), белсенді-ізденісті (орташа), шығармашылық (жоғары) деңгейлерін сипаттауы мүмкін.

3. Студенттерді кәсіби-бағдарланған технологиясымен оқытуды, жиынтығында тұтас дидактикалық жүйені құрайтын педагогикалық рәсімдердің, операциялар мен тәсілдердің реттілігі түрінде қарастыруға болады. Оның ЖОО оқытушысының жұмыс тәжірибесінде жүзеге асуы болашақ мұғалімдерді оқытудағы мақсаттарға жетуге әкеледі, олардың кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытуға, сонымен қатар студент тұлғасының толық дамуына мүмкіндік береді. **Бұл оқыту технологиясы педагогпен оқу үдерісінің моделі ретінде жүзеге асуы ықтимал және ол төмендегідей басты өлшемдері сипатталған технологиялық карталар жүйесі түрінде берілген: мақсатты диагностикалық тұжырымдау; оқытудың логикалық құрылымы; материалдар мен бақылау жұмыстарын мөлшерлеу; дидактикалық үдерісті мұғалім мен оқушылар іс-әрекеттерін кезеңдік реттілік түрінде сипаттау, сонымен қатар кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктердің даму**

сапасын бағалауға мүмкіндік беретін бақылау-тестілік тапсырмалар жүйесі және қажет болған жағдайда, оны түзету.

4. ЖОО-да студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін оқыту технологиясының құралдарымен дамытуға мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық шарттар ретінде келесі реттегілер саналады:

- оқу курсы менгерудегі нақты мақсатты бағыттылық (болашақ мұғалімді сабақтың мақсаттарын, тақырыбын, бөлімін тұжырымдай алуға дағдыландыру, оларды оқытудың түріне, қолданылатын әдістеріне және құралдарына қарай саралау, нақтылау және біріктіру; оқу сабағының басымды, негізгі және қосалқы мақсаттарын ажырату; оқушылар іс-әрекеттерінің мақсатын тәжірибе түрінде соған сай нәтижеге аудару);

- болашақ оқытушыда оқу материалын іріктеу және композициялау, оны саралау және біріктіру; мазмұнның дидактикалық элементтерін, олардың түрлерін және белгілерін айыра білу; сабақтың мазмұны мен оның бөліктерін оқыту мақсатымен сәйкестендіре алу; оқу мазмұнын модельдеу, түсіндіру және жүйеге келтіру дағдыларының қалыптасуын болжайтын, менгеру барысында оқу пәнін жүйелі мазмұнды түрде қамтамасыз ету;

- болашақ оқытушыларда студенттердің жас және жеке ерекшеліктеріне, оқу материалының мазмұнына, мақсаттарына сәйкес оқыту әдістерін, түрлерін және құралдарын таңдай алу дағдыларын үйрететін, оқу үдерісін ыңғайлы ұйымдастыру-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету; тиісті оқу жағдайларын жасау және оқу тапсырмаларын жетілдіру;

- студенттердің шығармашылық қабілеттерінің, рефлексиясының, оқу үдерісінің міндеттік құрылымының мүмкіндіктерін, мұғалімдер мен оқушылардың өзара әрекеттестігінің диалогтық құрылымының дамуын ескере отырып, студенттерде модельдеу және құрылымдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін, оқу курсы менгерудегі құрылымдық операциялық-әрекеттік бағыттылық;

- оқу пәнінің моделін жетілдіруге деген тұрақты қызығушылық пен мотивацияны қалыптастырудың негізінде, сонымен қатар жасалған модельдерді оқу үдерісінің тәжірибесінде жүзеге асыру мүмкіндігінің нәтижесінде пайда болатын, оқу пәнін менгеру барысындағы құндылық-мотивациялық бағдар.

Диссертация құрылымы кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен (206 көздерден) және қосымшадан тұрады.

Кіріспеде зерттеу мәселесінің өзектілігі негізделеді, оның нысаны, пәні, мақсаты мен міндеттері анықталып, болжамы шығарылады; зерттеудің кезеңдері мен әдістері көрсетілген, жаңалығы, теориялық және тәжірибелік мәнділігі белгіленеді, қорғауға шығарылатын негізгі қағидалар тұжырымдалады.

«Студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші тарауда студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктеріне психологиялық-педагогикалық феномен

ретінде талдау жасалынады, студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерінің дамуын бағалайтын өлшемдік аппарат жетілдірілді, ЖОО-да студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамыту үшін оқытудың технологиялық тәсілдерін қолдану мүмкіндіктері дәлелденеді.

Әрі қарай іріктеліп алынған және дәлелденген өлшемдер, көрсеткіштер және ЖОО-да студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытудың деңгейлері зерттеудің тәжірибелік-эксперименталдық бөлімін жүргізу кезеңдерінде студенттерді жіктеу мақсатымен қолданылды.

«Студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытуды эксперименталдық зерттеу» атты **екінші тарауда** «Қазіргі кәсіби технологиялар» оқу пәнінің кәсіби-бағдарланған оқыту технологиясының жүзеге асырылуы, модельдеуі, құрылымдауы жасалды, соның төңірегінде студенттермен оқу модельдерінің жетілдірілуі қарастырылған. Тәжірибелік-эксперименталдық жұмыс нәтижелерінің негізінде ЖОО-дағы болашақ мамандардың кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік беретін педагогикалық шарттар айқындалып негізделген.

Диссертациялық жұмыстың **қорытынды** бөлімінде кәсіби-бағдарланған оқыту технологиясын ЖОО-да студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамыту құралдары ретінде пайдалану мүмкіндігі туралы жалпы қорытынды тұжырымдалған.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы. Зерттеудің негізгі теориялық қағидалары және алынған нәтижелерінің талдауы әлемдік, халықаралық, республикалық ғылыми конференцияларда талқыланды.

Зерттеу нәтижелерінің жүзеге асырылуы. Диссертация мазмұны, негізгі ғылыми нәтижелер, қорытындылар және тәжірибелік ұсыныстар «Қазіргі кәсіби технологиялары» курсының оқу бағдарламасында, 5B010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша оқитын студенттердің педагогикалық тәжірибесінің бағдарламасында көрініс тапты.

Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу және ендіру: Зерттеу барысында отандық және шетелдік басылымдарда ғылыми мақалалар жарық көрді.

1. Модель развития личностно-профессиональной компетенции у студентов // Хабаршы. Психология сериясы. - Абай атындағы ҚазҰПУ. – 2014.- №1(38).- Б.148-155.

2. Психологические основы развития личностно-профессиональной компетенции у будущих педагогов // Хабаршы. Психология сериясы. - Абай атындағы ҚазҰПУ. – 2013.- №4 (37).- Б.98-103.

3. Развитие личностно-профессиональной компетенции у студентов // Хабаршы. Педагогикасериясы. - Абай атындағы ҚазҰПУ. – 2014. - №1 (41). - Б.64-67.

4. Features of Educational Process Organization in the Conditions of Competence Approach // Изденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. - 2012. - №1 (3). - Б.225-228.

5. Higher Education Institute Teachers Professional Competence// "XXI ғасыр зерттеушісі" тақырыбындағы магистранттар мен докторанттардың

республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Абай атындағы ҚазҰПУ. - Алматы, 2011. -Б.9-13.

6. К вопросу о развитии профессиональной компетентности у будущих преподавателей// "Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайындағы ғылыми-педагогикалық әлеуетті дайындаудың өзекті мәселелері" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Абай атындағы ҚазҰПУ. - 28 қараша 2012. - Б. 37-44

7. Проблемы развития самообразовательной компетентности в теории и практике высшей школы//Материалы международной научно-практической конференции "Актуальные модели социальной модернизации в условиях форсированного индустриально-инновационного развития государства". - КазНУ имени Аль-Фараби. - 8 ноября 2012.- С.513-518.

8. Future Teachers Professional Competence Development within Bachelor Program- WCES 2013. Procedia- Social and Behavioral Sciences 116 (2014) 4829-4833.

9. The Usage of Innovation Technologies in Formation of Professional Competence of the Future Specialists. // 2nd Cyprus International Conference on Educational Research 13-15 February 2013, Ataturk Teacher Training Academy, Lefkosa (Nicosia), North Cyprus Procedia - Social and Behavioral Sciences 89(2013) 539-543

10. Possibilities of The Professional Competence Formation of Future Teachers// 2nd Cyprus International Conference on Educational Research 13-15 February 2013, Ataturk Teacher Training Academy, Lefkosa (Nicosia), North Cyprus Procedia - Social and Behavioral Sciences 89(2013) 906-910

11. Evaluation Experience of Competence of The Future Specialist// 2nd Cyprus International Conference on Educational Research 13-15 February 2013, Ataturk Teacher Training Academy, Lefkosa (Nicosia), North Cyprus Procedia - Social and Behavioral Sciences 89(2013) 932-938

12. Preservice Teachers' Thinking about Agency and Assessment in the Context of Personal Competencies and Structural Constraints// Life Science Journal 10(4):776-789. 2013.

13. Teachers Professional Preparation in the United States: Instructional Experience for Kazakhstan//Life Science Journal 10(4):2382-2391. 2013.

14. J. Spencer Clark, James Scott Brown & Medet Jandildinov (2015): Enriching Preservice Teachers' Critical Reflection Through An International Videoconference Discussion, Technology, Pedagogy and Education, DOI: 10.1080/1475939X.2015.1066268